

ИННОВАЦИЯЛАРДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ӘЙЕЛДЕРДІҢ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА
ҚАЙТА ОЙ САЛЫП МӘН БЕРУДЕ ҚАТЫСУЫ

БАҒАИ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҒЫНЫҢ
ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫНЫҢ
67-СЕССИЯСЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ИННОВАЦИЯЛАРДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ӘЙЕЛДЕРДІҢ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ҚАЙТА ОЙ САЛЫП МӘН БЕРУДЕ ҚАТЫСУЫ

БАҒАИ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҒЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫНЫҢ 67-СЕССИЯСЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Жылдам өзгеріп отыратын жаһандық болмыс адамзаттың өзара байланыстылығын тереңірек бағалауға және онымен бірге сандық технологияларға көбірек сенім артуға итермеледі. Көптеген әйелдер үшін, соның ішінде технологияларға қолжетімділігі жоқ немесе мұндай технологиялар олардың қауымдастықтарына қалай әсер ететінін анықтай алмайтын әйелдер үшін, бұл олардың әлеуметтік ортасының одан да зор оқшаулануы мен шеттелуіне әкелді. Дегенмен, қолжетімділік мәселелері және басқа да осыған ұқсас мәселелер шешілген болса да, одан да тереңірек сын-қатер қала бермек. Көптеген технологиялар, адамның мүмкіндіктерін кеңейту құралы ретінде қызмет етіп, адамзаттың жоғары құндылықтарын бейнелейтін жайқалған әрі біртұтас өркениетті құруға көмектесудің орнына, адамның табиғаты мен өзін-өзі тану, ілгерілеуі мен оған арналып-белгіленгені жайлы бұрмаланған түсініктерді тамырландыруда. Технологияларды жобалау үдерісі көбінесе айырықша құқықты, биік дәрежелі адамдар тобына ғана көзделген, олардың көпшілігі материалистік құндылықтарға

Осы тәрізді талдаудағы орталық орын, адамзаттың ұжымдық құндылықтарына негізделген заманауи әлем құралдарының адамдар бұқарасына өз әлеуетін ашуға көмектесуін қамтамасыз ету үшін, әйелдердің қандай көзқарастар мен қосар қандай үлестер ұсына алатындарына берілуі керек.

негізделген және кең қолданысқа әлеуметтік, этикалық және рухани салдарларды санауға алмастан енгізілуде.

Технологиялардың зиянды дүниетанымдар

ықпалының

аясында қалыптасуы

әрбір адамға әсерін

тигізеді, дей тұрғанмен

пайдаланушылардың

айтарлықтай бөлігін құрайтын және

көп жағдайда негізгі мақсатты

тұтынушыларға айналатын әйелдер мен қыздар үшін бұл терең сын-қатер.

Сандық құралдар адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында жүре-бара көбірек қолданылып жатқандығынан, инновациялар үдерісін айқындайтын ниеттер мен құндылықтарды адал талдаудан өткізу маңызды болып табылады.



Технология адам қабілетін арттырудың және қауымдастықтарды бірлерстірудің қуатты құралы бола алады. Дегенмен, кез келген басқа құрал сияқты, технологияны және ол тудырар кеңістіктерді, пайда әкеле немесе әділетсіздіктерді тамырландыра, сансыз жолдармен пайдалануға болады. Сындарлы деңгейде желілік қауымдастықтар мен қозғалыстар, бұрын елестету мүмкін болмаған қатысушылар аясын кеңейте отырып, әйелдер мен қыздардың бетпе-бет келетін көптеген қиындықтары туралы хабардарлықты арттырудың маңызды құралы ретінде қызмет етті. Бірақ технологиялар өрісі тар дүниетанымның немесе пайдақұмарлыққа тоғысталған шолақ көзқарастың жетегінде кеткен жағдайда, олар шеттету, ізіне түсіп

қыспақтау, қанау мен тіпті репрессиялау үшін де қолданылады.

Сандық технологиялар құндылықтарға тікелей байланысты.

Дәстүрлі даму парадигмасы сияқты,

технологиялық жаңартпалар

материалистік негіздердің

ықпалына тереңінен

шалдыққан. Прогресс туралы

негізгі түсініктер көбінесе

тауарларды тұтынуды

әл-ауқаттың жоғары

деңгейімен теңестіреді.

Әлеуметтік алдын

ала пішулер мен

теңсіздіктердің

әртүрлі нысандары,

сондай-ақ өрісі тар

пайдақұмарлық

түсінікпен жетеленген

адам табиғаты мен

оның ілгерілеуі туралы

көзқарастар көбінесе

сандық технологиялардың

әрленіміне немесе қолданбасына

кіріктіріліп қойылады да осылайша

олар пайдаланушыларға, мысалы, ғылыми

дәлелденген тәуелділік мәселелеріне қарамастан, экранды

барынша көбірек пайдалануды мақсат ететін алгоритмдер

арқылы насихатталады. Сондықтан мұндай технологияларды

жарыққа шығару мен пайдаланудағы негізде жатқан ұғымдар мен

нормаларды адал талдаудан өткізу сындарлы болып табылады.

Бұл құралдардың негізінде жатқан дүдәмал құндылықтар әр адамға және қауымдастыққа өзінше әсер еткенімен, бұл құндылықтардың

*көзқарастарды
қамтитын
адам табиғаты
туралы толықтанған
тұжырымдамалар қалайша
көбірек қолданылуы
мүмкін? Қауымдастықтарды
өздерінің басымдықтарын
ұжымдық түрде анықтау
мен жергілікті мәнмәтіндегі
технологиялардың әсері
жөнінде кеңесу үдерісіне ат
салысуға қалай тартуға
болады?*

технологияларға жаппай кірігуі көптеген әйелдер мен қыздарға зиянды әсерін тигізді, әсіресе оларды нысанға айналдыру немесе оларды болжамды өзін-өзі кемелдендіруге бола материалдық игіліктерді барған сайын көбірек тұтынуға итермелеу тәсілі зиянды әсерін тигізді. Дәл осы тәжірибелердің салдарынан, сондай-ақ жаңартпаларға қатысты шешімдер қабылданатын орталарда басым болатын мәдениеттің патриархалдық бағытының салдарынан, осындай технологияларды қалайша барабар әрі байыпына жете ойластырып, қолдануға болатынын жақсырақ түсіну үшін әйелдерді қатысуға тарту аса маңызды.



Әйелдердің қатысуының аясын ұлғайту, сайып келгенде, адамзат тәжірибесінің толық ауқымы ескерілетін болашақты құрудың қажетті шарты - көзқарастардың әртүрлілігі екенін мойындауға негізделуі керек. Дәстүрлі түрде ерлер басым секторда әйелдер өкілділігінің айқын мәселелерін ескере отырып, мұндай технологияларды жауапты түрде жобалау, пайдалану және тарату, сондай-ақ сандық контентті құрумен байланысты шешімдерге әйелдердің қатысуын арттыруға басымдық берілуі керек. Дегенмен, лайықты өкілдік - аясы тар мақсат қана емес, сонымен бірге бәсекелестік пен теңсіздіктің үстемшіл үлгілері ынтымақтастыққа, ұжымдық зерттеуге және ортақ игіліктің қамын ойлайтын үлгілерге жол беретін шарты болып табылады. Көптеген басқа салалардағы сияқты, мейілінше үлкен дәрежедегі өзгерістер басымдықты мәдениеттен едәуір пайда көрген адамдардан талаптанатын болады.

Технологиялық инновациялармен байланысты кеңістіктер мен үдерістердегі мәдениеттің ауысымнан басқа, әйелдердің қатысуы - шын мәніне келгенде, зерттеу үдерісіндегі адам ой-өрісінің шегін кеңейту – технологиялардың дамуын басқарудың жаңа парадигмаларын қалыптастыруда үлесін қоса алады. Кез келген адам, жынысына қарамастан, сандық технологиялармен байланысты этикалық

аспектілерді зерттеу қабілетін таныта алады, дегенмен, көптеген әйелдердің патриархалды дүниетанымды мәжбүрлеп таңу нәтижесінде алған тәжірибесі оларға ұстамдылық, әділеттілік, әралуандылық және болашақ ұрпақтың камын ойлау сияқты қасиеттерге негізделген, анағұрлым толыққанды үлгілерді дамыту үшін ерекше нұрлаған ойларды ұсынуға мүмкіндік береді. Сонысымен әйелдер осы тәрізді қасиеттердің технологиялардың дамуына тұрақты түрде әсер ететініне кепілдік беруге көмектесе алады.


Қасиеттердің кеңейіп келе жатқан спектрі технология секторының мәдениетіне әсер ете бастағанда, бұл қызмет саласының әлеуетін одан әрі өсіре түсуді жалғастыруға болады.




Технологиялық жаңартпалармен байланысты кеңістіктер мен үдерістерде көзқарастардың алуан түрлілігінің құпталуын қамтамасыз ететін саясатты ұлттық деңгейде енгізу қажет.

Технология адам мүмкіндіктерінің аясын кеңейтеді; сондықтан оның адам өмірінің гүлденуіне ықпал ететін ақылақтық тәртібін күйретпеуінің, керісінше кеңейте алуынның камына кірісу керек.

Бұл, табиғи түрде, әйелдердің толыққанды да зор маңызды қатысуын қолдау тетіктерін іске қосуға әкелетін болады. Үкіметтер де өздерінің мойындарына, мысалы, әйелдерді, балаларды және осал қауымдастықтарды тікелей желідегі адам құқықтарының



Жаңартпалар мен өсімге мүлдем кедергі болмайтын, гендерлік теңдікке ұмтылумен сипатталатын еліктірілгендік пен зерттеудің біртұтасты нысандары едәуір дәрежеде адамзаттың ұжымдық құндылықтарын көрсететін жаңартпалардың түрлерін босата шығарып отырады.



Технология адам мүмкіндіктерінің аясын кеңейтеді; сондықтан оның адам өмірінің гүлденуіне ықпал ететін ақылақтық тәртібін күйретпеуінің, керісінше кеңейте алуынның қамына кірісу керек.


бұзылуынан қорғауды қамтамасыз ету сияқты қазіргі қауіп-қатерлерге жауап қайтаруда белсенді рөл атқаруды алулары қажет.

Халықаралық деңгейде технологиялардың жаһандық ауқымы мен қолданылуын ескере отырып, олардың жауапкершілікті түрде жарыққа шығарылуына, пайдаланылуына және таратылуына әсер ету үшін көзқарастардың әртүрлілігін қамтамасыз ету аса маңызды/таптырмас болатын болады. Осы тұрғыда Біріккен Ұлттар Ұйымының, үкіметтердің, жеке сектордың және азаматтық қоғамның, оның ішіне қайраткер әйелдерді қоса, күш-жігерлерін қолдастырып, сандық технологиялардың дамуының негізінде жатқан ықпал мен құндылықтарды ашық түрде талдап шығу, сондай-ақ теңдік, әділеттік, әмбебаптық, абырой, сенімділік және ақиқатты іздеу қағидаттарын басшылыққа алатын халықаралық саясатты белгілеу маңызды болатын болады. Технологиялық жаңартпалардың ортақ жаһандық құндылықтармен үйлестірілуін қамтамасыз ететін, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысымен ұсынылған Жаһандық сандық келісім-шартқа қарай қозғалу – қосымша зерттеуді қажет ететін ұсыныстардың бірі болып табылады. Үдерістің анағұрлым біртұтас тұжырымдамаларын әзірлеу кезінде жалпы ішкі өнімді толықтыратын үдерістің өлшеу жүйесін жасау технологияларды жобалаудың астарына енгізілген постулаттарды зерттеуге сондай-ақ көмектеседі. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының адамзаттың технологиялық жаңартпаларының салауатты моделін қалыптастыратын үрдістерді іске қоса алатын

бірегей мүмкіндігі бар. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін әйелдердің пікірін ескеру және оларға басымдық беру, сондай-ақ олардың технологияны дамыту бағытын қалыптастыруға қатысуына ықпал ету аса маңызды боламақ. Сандық технологияларды қолдану арқылы әйелдер мен балалардың білімін арттыру сияқты, сондай-ақ олардың тікелей желіде толыққанды қатысуын, өкілділікке ие болуын, құқықтарының бұзылуынан қорғалуын және әл-ауқатын қамтамасыз ету сияқты механизмдерді зерттеу осы Комиссия тәрізді кеңістіктерде мезгіл сайын қайта қарастырып тұруға болар еді.



Жетістік пен адам табиғаты жайлы дәстүрлі түсініктер адам әл-ауқатының анағұрлым біртұтас тұжырымдамаларына жауап бере алмайды және сандық технологияларды басқару мен дамытуға әсер етуді қоса алғанда, өркендеген өркениетті құрай алмайды. Осы негізде жатқан ұғымдарды зерттеу үшін көзқарастардың кеңірек өрісін жұмылдыру материалдық әл-ауқат этикалық, әлеуметтік және рухани ұғыныстармен теңдестірілетін болашақты жоспарлауда шешуші маңыз болмақ. Бұл ретте әйелдердің, әсіресе тым материалистік дүниетаныммен шеттетілген әйелдердің дауыстары мен көзқарастары таптырмас болатын болады, және олардың мәнді әрекеттесуі технологияның дамуы аясында мәдениет пен түсіністіктің жаңа үлгілерін туындату үшін алғышарт болмақ.



Адам табиғаты мен ілгерілеудің жоғары тұжырымдамаларымен үндесетін анағұрлым біртұтас үлгіні құру, және олардың қоғамдарын жақсарту үшін нақты қауымдастықтардың қажеттіліктері мен басымдықтарына сәйкес пайдалануға болатын құралдарды дамыту - шексіз мүмкіндіктерді ұсынатын технологиялық жаңартпаларға деген көрініс.



Bahá'í International Community

Copyright © 2022 Bahá'í International Community

Copyright © 2022 Баһаи халықаралық қауымдастығы

866 United Nations Plaza, Suite 120

New York, NY 10017, USA

www.bic.org